

«BD020700-Аударма ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Манапбаева Жаннұра Жарқанбекованың «С.Елғубайдың «Ақ боз үй» романындағы ұлттық реалиялардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларының барабарлығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШҚИРҒЫ

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бөкіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: Зерттеу 2015 – 2020 жылдарға арналған "Мәңгілік Ел" кешенді жоспарында (2015 жылғы 12 қарашадан № 104-ө өкім), «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген жашырулттық идеяны білім беру мазмұны арқылы жүзеге асыру бағыттарына, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарына: 1) ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті дамытуға бағытталған стратегиялық міндеттер мен басымдықтарды қалыптастыру; 2) басым іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді айқындау және дамыту талаптарына толық сәйкес келеді.</p>	<p>Қазақстан Республикасының қазіргі саяси, мәдени бағыты – ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы қоғам мүшелерінің санасын сілкіндіру, сонымен қатар жалпы әлемге таныту. Бұл істің сан салалы жолы негізгі бағдарламаларда айтылып келеді. Олардың қатарында ұлттық құндылықтар сақталған қайнарқоз – көркем әдебиеттің рөлі мен маңызы да назарда бар. Ел ішінде де, әлемдік кеңістікте де қазақ көркем туындыларының құдіретті күші арқылы білім мен тәрбие беру ісінде негізгі салмақ білім беру салаларына түсетіні анық. Осы себепті білім беру жүйесінде әсіресе қолданбалы зерттеулерді дамытып, олардың нәтижелерін оқу бағдарламаларына енгізу басғы мақсаттардың бірі болып отыр. Бұл ретте зерттеулердің негізгі нысаналары мен міндеттерін ұлттық құндылықтарды насихаттаумен ұптастыру маңызды. Сондықтан қазақ тарихының айрықша кезені суреттелетін құнды шығарманың тіліндегі ұлттық болмысты бейнелейтін реалий атауларын жіктелеп, талдап, түсіндіріп барып, олардың басқа тілдегі тәржімасын лингвистикалық аудармаланудың аспектілерінде талдау қоғам бағыт аяған мүдделерге, сонымен қатар білім берудегі стратегиялық міндеттерге сәйкес деп тұжырымдауға болады.</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Жұмыс ғылымның қолданбалы салаларына үлес қосады. Біріншіден, әрине, қазақ тілі білімінде ұлттық реалийлер қарастырылған және біршама топтастырылған еңбектер бар екендігін жоққа шығартуға болмайды. Бірақ бұл жұмыстың ерекшелігі – нақты бір көркем шығарманың желісін негізге ала отырып, қазақ тіліндегі ұлттық реалийлерді барынша анықтап, жинақтап беруде. Ең алдымен реалия-сөз бен метареалиялардың ажыратылғандығына баса назар аудартамыз. Ізденуші – «метареалия» терминін алғаш ұсынғандардың бірі. Белгілі бір халық тілінде бар, басқа тілдерде кезіспейтін заттар мен бұйымдардың атаулары реалия-сөз болса, метареалия – жекелеген сөздердің мағыналарының компоненттерінде, экспрессивті бояуында сақталған, ұлттық, тарихи-мәдени, «концепт» ұғымына жақындалатын, аялық ақпарат болып табылатын күрделі тілдік бірліктер. Жұмыста метареалияларға «жасырылған, мейзелген реалия» деген анықтама берілген (16-б.), олардың басқа тілге аударылуындағы проблемаларын талдайды. Бұл мәселенің қарастырылуы лингвистикалық аудармалану саласында маңызды болып саналады.</p> <p>Екіншіден, мамандық «аударма ісі» болғандықтан және жұмыстың тақырыбында «барабарлық» термині қолданылғандықтан, зерттеу нәтижелеріндегі осы мәселеге қатысты пікір мен тұжырымдармен мұқият таныстық. Өйткені аудармаланудан осы ерекшелік ресейлік тіл ғылымында әлі күнге дейін дәл шешімін таппай келеді. Қазақ тіл ғылымында да «барабар/ баламалық / сәйкестік / сайма-сайлық» секілді бірнеше ұғымдар қолданылады. Жұмыстың он бойында тәржіма ісіндегі осы күрделі сипат шешімін тапқан. Ізденуші «реалия аудармасында түпнұсқадағы тілдік бірліктің лексикалық мағынасын, этимологиясын, контекстуалдық мағынасын мен стилдік мәттің жоғартуға болмайды» деген тұжырымды басшылыққа</p>
----	---------------------	---	--

			<p>алады.</p> <p>Осы атапандарға байланысты жұмыстың маңыздылығы ашылған деп бағаланады.</p> <p>1) Жұмысты ізденушінің өзі жазған, жазу денгейі жоғары, ғылыми стиль дәрежесінде біртұтастықта баяндалған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу денгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған</p>	
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) жартылай негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>4.1 Диссертацияның өзектілігі қазіргі тіл білімінде кешендеу дамыған лингвистикалық аударматанудың басты түсініктерінің және әдіснамалық негіздерінің бірі – барабарлық мәселесінің жан-жақты талдануы арқылы анықталады. Ресейлік, әлемдік еңбектердің өзінде де бағамалылық / сәйкестік / барабарлық / сайма-сайлық ұғымдарының аражігі әлі күнге дейін нақтыланбай келеді. Бұл проблема – типологиялық құрылымы әртүрлі қазақша-орысша тәржімала да, денекер тіл арқылы басқа да шет тілдеріне аудару ісінде де аса маңызды тұстардың бірі. Өсіресе көркем туындының мазмұны денгейіндегі инварианттылық, құрылымдық-семантикалық ұқсастық, адресатқа ықпал ету тұрғысынан келгенде, қазақ тілінен басқа тілдерге аударылған шығармаларда трансформациялаудың барабар өлшемі, мәтінді барабар интерпретациялау, басқаша айтқанда, «мейлінше сәйкес келетін аударма» деген баға беруде «барабарлық» термині дұрыс болып шығады. Осы күрделі мәселе жұмыста жақсы негізделген. Барабарлықты анықтау үшін ізденуші «Ақ боз үй» трилогиясындағы ұлттық реализмдердің толық жіктемесін жасап алып, одан әрі орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқаларын салыстыру арқылы барабарлықтың 12 тәсілін саралаған. Бұл тәсілдер тәржіма нұсқалардағы аудармашының барабар реакциясын, лингвистикалық құзыреттілігін, барабар жасау технологиясын толық ашады.</p>

		<p>Сөйтіп, осы тәсілдердің топтастырылуынан аударма ісінде қандай проблемалар бар екендігін анық көреміз. Мысалы, <i>коке – сокол мой; ұзатылу тойы – свадьба; құрапайдың салқыны – майска прохлада; тай шаттырмдай - за день не обедешь; бет ситады - провел ладонями по щекам тараділер де, сондай-ақ сүйінші – сүйінші, алаша – алаш, Алаш – Alasha болып тәржімалануы мәселенің түйінді жақтары бар екендігін айтақтайды. Ізденуші тарапынан транслитерация, транскрипция, типо-типеронимдерден басқа әсіресе мәтіннен тыс ақпарат жинақталған метарешлиялардың аудармасында ерекшеліктерді сипаттауы лингвистикалық аударматануға үлес қосады.</i></p>
<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 		<p>Зерттеудің мазмұны мен құрылымы диссертация тақырыбын толық айқындайды: а) ұлттық реализмдер топтастырылған; ә) барабарлық құбылысы анықталған: б) «Ақ боз ұй» трилогиясының екі тілдегі аудармасы толық қамтылған; бұған дәлел ретінде барабарлық жасаудың барлық тәсілдерінің пайыздық көрсеткіштерінің берілуін атауға болады (27-кесте; 28-кесте). Сонымен қатар 420-ға жуық реализм-сөздің 2555 микроконтексті қолданыстары мен метарешлияның 80-ге жуық қолданыстары енгізілген үштіпті параллель корпусстың түзілуі маңызды.</p>
<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 		<p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттері жұмыстың тақырыбына толық сәйкес келеді. Жұмыстың ең негізгі мақсаты - роман-трилогиядағы реализм-сөздер мен метарешлиялардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларының барабарлығын талдау болып табылады, осы мақсат үшін реализм аудармасының барабарлығына қойылатын талаптарды нақтыланған және барабарлыққа жетудің ең ұтымды тәсілдері беріліп, түпнұсқаның сюжетін қабылдауға келергі келтіретін мағынаны бейтараптау, түсіру, қалықа жасау сияқты тәсілдер бойынша қорытындылар жасалған.</p>
<p>4.4. Тақырыптың еңгізілуі бойынша міндеттері</p>		<p>Жұмыстың еңгізілуі тараптары мен тармақтары өзара тығыз</p>

		<p>мен құрылымы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидастар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) еыни тағдау бар; 2) тағдау жартылай жүргізілген; 3) тағдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>логикалық сабақтастықта байлалған.</p> <p>Ізденуші ұлттық реалияларға және лингвистикалық аудармалану бойынша іргелі еңбектермен толық танысқан, «Ақ боз үй» трилогиясындағы тілдік бірліктерге компоненттік тағдау, лексика-семантикалық тағдау, салыстырмалы-салғастырмалы тағдау, этимологиялық тағдау әдістері арқылы «барабарлық» терминіне қатысты көзқарастарға өз пікірін білдірген. Бұрынна айтылып келе жатқан «бадамалылық және барабарлық» ұғымдарының аражігін ажыратуға талпыныс бар. Контекстугалды аналот, типеронимді пайдалану, (арысым – супруг мой; куврдак - еда). Транскрипция, сипаттап аудару тәрізді тәсілдер арқылы жасалған нұсқаларға өз варианттарын ұсынған.</p>
5.	<p>Ғылыми принципті жанашылдық</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидастар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ұлттық реалиялардың орыс және ағылшын тілдеріндегі барабарлығы жөніндегі ғылыми қағидастар мен нәтижелер толығымен жаңа, қазақ мәдениетіндегі ұлттық реалиялардың тағдануына қатысты нәтижелер толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа деп есептейміз. Жұмыста данекер тіл арқылы үшінші тілге жасалған тәржімадағы аудару стратегиясының теориялық және әдіснамалық негіздері қазақ тіл ғылымында алғаш рет ұсынылған, ұлттық бояуға ие тілдік бірліктердің шеттестілуі, түсірілуі және басқа тілдің мәдени контекптілеріне ие тілдік бірліктермен алмастырылуы туралы тұжырымдар барабарлыққа жетудің көптеген тәсілдерінің топтастырылуы жұмыстың қорытынды нәтижелерінің жаңа екендігін</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылды); 3) жана емес (25% кем жана болып табылды)</p>	<p>көрсетіл.</p> <p>Жұмыста ұсынылған барлық шешімдер жана, олар зерттеудің үш тарауында теориялық талдаулар мен нақты тілдік фактілер арқылы толық негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар турғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Негізгі қорытындылар негізделген: а) зерттеудің теориялық базасы айқындалған; ә) реалияны аудару стратегияларын, тәсілдері толыққанды талданған; б) роман-трилогиядағы реалия-сөздер мен метареалиялардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларының барабарлығының тиімді жолдары көрсетілген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әр қағидаға бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидаға дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p>	<p>1-қағида: ия, дәлелденген.</p> <p>7.1 Реалия сөз және сөз тіркестерімен қатар жұмыста мәтіндегі интермәтіндік тілдік бірліктер, яғни халықтың қоршаған ортаны тануынан, ұқсастырудан қалыптасқан сөздер мен сөз тіркестері – метареалиялар қарастырылған.</p> <p>7.2 Тривиальды емес.</p> <p>7.3 Метареалиялар барабарлығының нақты тілдік фактілер негізінде қарастырылуы жана.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін аударма ісі бойынша білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады.</p> <p>7.5 Зерттеудің метареалияларға қатысты мазмұны «Аударматанудың реалия мәселесі және реалияның жеткілімі // Инновационное развитие и востребованность науки в современном Казахстане: Сборник материалов XIII Международной научной конференции (Г. Алматы, 7-8 ноября 2019 г.). – Том II. – Тараз, 2019. – 281-283 бб» атты мақалада дәлелденген.</p>

	<p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>2-қағидаг: аударматанушылардың еңбектерінде әр түрлі аталғанымен, аударма тәсілдерінің мән-мағынасы шамалас екендігі берілген.</p> <p>7.1 Қағидаг дәлелденген. Аударма ісіне қатысты ірелі еңбектерде қатарлас, мағыналас айтылатын барабарлық/ бағамалылық / сәйкестік / сайма-сайлық / адекваттылық /толықандылық сияқты терминдерге анықтама беріліп, барабарлық терминінің мазмұны айқындалған.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Иә. Дәнекер тіл арқылы жасалған барабар нұсқалардың тәсілдерінің топтастырылуы жағынан үш тілдегі барабарлықтың қарастырылуы жана.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кен. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін аударма ісі бойынша білім беру жүйесінде кенінен қолдануға болады.</p> <p>7.5 Баека тілдерге аудару ісіндегі барабарлықтың тәсілдері мен технологиясының анықталуы «Ақша бірліктері реалиталары аудармаларының барабарлығы (С.Елгубайдың «Ақ боз үй» романы мен оның орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары негізінде) // Инновационное развитие и востребованность науки в современном Казахстане: Сборник статей Международной научной конференции (г. Алматы, 22-23 ноября 2018 г.). Ч.3. – Алматы, 2018. – 290-294 бб.» атты мақалада дәлелденген.</p> <p>3-қағидаг: романдағы реалиталар мен оның аудармаларынан құралған үштілігі параллель корпус реалиталардың аудармаларына, олардың барабарлығына, қателіктерге, қолданылған ең тиімді тәсілдерге микро- және макроскопиялық талдау жасауға мүмкіндік жасалатындығы көрсетілген.</p> <p>7.1 Қағидаг дәлелденген. Реалиталар мен метареалиталар бойынша жасалған үштілігі параллель корпусында мол тілдік фактілер аударма нұсқаларында түрлі тәсілдердің болуы</p>
--	--------------------------	--

		<p>себептерін, ерекшеліктерін, дұрыс мен бұрысын анықтап, аударма ісінің теориясы мен практикасын жетілдіруге үлес қосады.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Иә. Дәнекер тіл арқылы жасалған барабар нұсқалардың тәсілдерінің топтастырылуы жағынан барабарлығының қарастырылуы жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең. Тағдау мен тұжырымдар нәтижелерін аударма ісі бойынша білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген. Бұл мәселе туралы бастапқы тұжырымдар «Ұлттық реализмдердің аудармаларын талдауда корпусстық лингвистика әдістерін қолдану ерекшеліктері // Материалы научной конференции «Развитие казахстанской лингвистики и литературоведения в условиях глобализации и цифровизации», посвященной 175-летию со дня рождения великого казахского акына и мыслителя Абая Кунанбаева и 1150-летию со дня рождения тюркского ученого, философа Абу Насра ибн Мухаммеда аль-Фараби Алматы, 17 апреля 2020. – Алматы: ХАТУ, 2020. – 152-157 бб.» атты мақалада баяндалған.</p> <p>4-қағидаг: С. Елұбайдың “Ақ боз үй” романындағы реализмдердің орыс тіліндегі және ағылшын тіліндегі аудармаларында доместикация стратегиясы басым екендігі ұсынылған.</p> <p>7.1 Қағидаг дәлелденген. Жалпы алғанда, аудару процесі кезінде танымал болған бірнеше стратегия бар; бірі – транскрипциялау (мысалы, артымақ); тағы бірі – түсіндіру (астау - глубокая деревянная поилка) және аударма мәтінін тұрғысынан манызды болып сезгенеліні - аударма мәтінін аударма репицентіне барынша таныс, түсінікті болатындай етіп бейімдеу, жергіліктендіру «шолпы – сережки; Ойсылқара - животина). Бұл стратегия бойынша екі тілдегі</p>
--	--	---

		<p>80-ге жуық тілдік бірлік талданған.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Иә, жаңа. Осы мәселеге қатысты әлемдік іргелі зерттеулердегі тұжырымдар қарастырыла келе, қазақ аударматануы саласында доместикация жайы шешімін тапқан.</p> <p>7.4 Қолдану денгейі кен. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін аударма ісі бойынша білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген. Бұл мәселе туралы ізденушінің алғашқы пайымдары «Реалияларды өзге тілдерге аудару барабарлығы (С. Елубайдың «Ақ боз үй» романы мен оның орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары негізінде) // Д.Н. Тұмилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – №2 (127). – Нұр-Сұлтан, 2019. – 185-192 бб.» атты мақалада баяндалған.</p> <p>5-қағидағ: аралық тілден жасалған аударматқа қарағанда түпнұсқадан жасалған аударма барабар болып келеді. Аралық тілден жасалған аудармада семантикалық қателіктер көбірек болатындығы көрсетілген.</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденген. Бұл тұжырым түпнұсқаның орыс тіліндегі барабар тілдік бірліктерінің талдануы арқылы анықталған.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Иә, жаңа. Реалиялар тақырыптық-тілдік тұрғыдан жіктеліп, түпнұсқадат денотат мағынаның берілуіне баламасыз лексика (<i>изені</i>) екендігі, ал <i>алғаша</i> сөзі реалия болып танылатындығы мәтіндегі мәдени символикалық ассоциативтік семантикалық элементтерге семантикалық талдау жасау арқылы жүзеге асырылған.</p> <p>Қолдану денгейі кен. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін аударма ісі бойынша білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады.</p>
--	--	--

		<p>Бұл мәселеге қатысты бастапқы пайымдаулар «Түйе түрлері реалиялары аудармашыларының барабарлығы (С. Елғубайдың «Ақ боз үй» романы мен оның орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары негізінде) // ПМУ хабаршысы, Филология сериясы. – №3 – Павлодар, 2019. – 201-213 бб.» атты мақалада қарастырылған.</p> <p>6-қағида: Көркем прозалардағы реалиялардың аудармасында реалияның тек денотативті мағынасы мен ұлттық-тарихи бояуы ғана емес, сондай-ақ формасы, семантикалық компоненттерінің контекстуалдық маңызы ескерілуі керек екендігі көрсетілген.</p> <p>7.1 Қағида дәлелденген. Жұмыста барабарлыққа қол жеткізетін сан түрлі тәсілдер талданып, олардың қатарында әсіресе реалиялардың ұлттық бояуы мен мәнәсіптік мағынасы сақталуының тиімді жолдары ретінде контекстуалды аналог, түсіндіру, эквиликация, доместификация тәсілдері жан-жақты талданған.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Жаңа. Әсіресе шығарманың ұлттық-тарихи мазмұнын, көркем туындының образдылығын танытаын реалия-сөздер мен метареалиялардың функционалдык қызметі айрықша екендігі дәлелденген. Мәселен, <i>соқыртке (ойын) – сленной козел; садақшн кемейін (түсірілген; тағы бір мәтінде умереть за тебя не жаль); ақсақал мен қарасақалдар – солидные мужья; бабам -святой отец; күртік қар – следжавшийся снег; шуда – волосы на шее; жезде – зять; ішік – подрубок; талық – отпустишь; шолпы – шолпы тарізде</i> көптеген тілдік фактілердің талдануы нәтижесінде ізденуші көркемдіктің аударма нұсқала берілуіндегі проблемаларды анықтаған және дәлелденген.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: Қолдану деңгейі кең. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін аударма ісі бойынша білім беру күйесінде кенінен қолдануға болады.</p>
--	--	--

	<p>7.5 Макалада дәлелденген. Өлшембірлігі, акша бірлігі және түйе атауларына қатысты макалаларда байланып.</p> <p>7-қағидаг: көркем прозалдағы реалияны аударудың ең тиімді тәсілі – мәтін ішіндегі эквиваленті бар транслитерация/транскрипция екендігі көрсетілген.</p> <p>7.1 Қағидаг дәлелденген. Бұл тұжырым түпнұсқаның орыс тіліндегі барабар тілдік бірліктерінің талдануы арқылы анықталған.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Иә, жаңа. реалия-сөз бен метареалиялар бойынша жасалған үштілі параллель корнпустағы мол тілдік фактілер аударма нұсқалардағы түрлі тәсілдердің болу себептерін, ерекшеліктерін, дұрыс мен бұрысын анықтауға мүмкіндік береді; ә) көптеген тілдік фактілерді талдау негізінде ләнекер тіл арқылы таржіма жасау түпнұсқаның ұлттық боуын бейтараптандыруға жол беретіндігі негізделген.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кен. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін аударма ісі бойынша білім беру жүйесінде кенінен қолдануға болады.</p> <p>7.5 Бұл мәселеге қатысты бастапқы пайымдаулар «Көркем шығармадағы реалиялардың қызметі (С. Елғубайдың «Ақ боз үй» романы негізінде) // ҚазҰУ хабаршысы, Филология сериясы. – №2 (170), 2018. – 52-57 бб.</p> <p>атты мақалада қарастырылған.</p> <p>8-қағидаг: көркем прозалдағы реалияны аударғанда бөгде мәдениетті сыйлау, аудармалардың бірізді, үнемді, тіркесімді боуын қамтамасыз ету ережелерін сақтау керек. Сондай-ақ аударманың көркем проза стилімен үйлесуін қалағалау қажет екендігі берілген.</p> <p>7.1 Қағидаг дәлелденген. Аудармашының лингвистикалық құзыреті, көркем шығарманы таржімалауға қатысты проблемалар жұмыстың барлық тарауында нақты тілдік фактілер мен зерттеушілердің еңбектері негізінде жан-жақты</p>
--	---

		<p>7.2 Қағидағтары тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидағтары жаңа деп есептеуге болады. Аудару үдерісі басталмас бұрын түпнұсқамен толық танысу, тарихи шығарма үшін халықтың тарихы мен мәдениетінен хабардар болу қажеттілігі туралы, яғни аудармашының лингвомәдени құзыреттілігіне қатысты нақты ұсыныстар бар.</p> <p>7.4 Қолданғылу деңгейі ксн. Жұмыстың негізгі тұжырымдарын қазақ лексикологиясы, қазақ аудармашының аударма ісі бойынша білім беруде кенінен және тымді қолдануға болады.</p> <p>7.5 Бұл мәселелер зерттеудің негізгі нысанасы – реалиялардың аудармасына қатысты жарық көрген 11 мақалада және ғылыми конференциялардағы хабарламаларда байдалған.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі</p> <p>Дереккөздер ұсынылған дәйектілігі</p> <p>мен</p> <p>ақпараттың</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әлсізгема нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>
	<p>8.2 Диссертация</p> <p>нәтижелері</p> <p>технологияларды</p> <p>ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау</p> <p>пайдалана отырып алынған:</p>	<p>жұмысының компьютерлік арқылы арқылы</p> <p>өндіру және әдістемелерін</p>
		<p>8.1 Иа. Зерттеуді жүргізу үшін негіз болған микроскопиялық және макрокопиялық талдау, статистикалық талдау әдістері тымді пайдаланылған. Реалия аудармашының барабарлығын айқындау мақсатында композиеттік талдау, лексика-семантикалық талдау, салыстырмалы-салнастырмалы талдау, этимологиялық талдау әдістері реалиялардың жіктелуі үшін де, орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқалардағы ерекшеліктер бойынша тұжырымдар жасау үшін дұрыс таңдалған. Әлемдік және қазақ лингвистикасындағы негізгі нысанға қатысты зерттеулер толық таңдалған, ұсынылған ақпарат дәйекті.</p> <p>8.2 Microsoft Excel бағдарламасында үштілді параллель корпус жасалған, ол – «Ақ боз үй» романындағы реалиялардың аудармашының тақырыптық топтарын аударылу тәсілдерін, микроскопиялық талдау жұмысын автоматтандыруға және ауқымды мәліметтер негізінде аударма мәтіндердің доместикация/форенизация деңгейлерін анықтауға мүмкіндік берелі.</p>

		<p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	
<p>9</p> <p>Практикалық принципті</p> <p>құндылық</p>	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.4 Бір тілден екінші тілде тәржіма жасаудың теориясы мен практикасына қатысты элемент және қазақ тіл біліміндегі іргелі еңбектерге сілтемелер арқылы барабарлық және реация ұғымдарының нақты сипаттамасы расталған.</p> <p>8.5 Ғылыми және практикалық ұсыныстар жасау үшін пайдаланылған әдебиет жеткілікті (120 әдебиет тіркелген).</p> <p>9.1 Зерттеу теориялық маңызға ие. Аударма ісінң аса маңызды проблемаларының микро- және макромагтін көлемінде қарастырылуы түпнұсқа мен екінші тіл арасындағы контекстуалды аналог, жкспликация, функционалды аналог, прагматикалық балама түрлерін нақтылауға үлес қосады.</p> <p>9.2 Зерттеу нәтижесінде алынған қорытындыларды практикада қолдануға болады: аударма ісі бойынша білім беру саласында практикалық маңызға ие.</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p>	

	2) жоқ	9.3 Практикалық ұшыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	9.3 Практикалық ұшыныстар толығымен жаңа болып табылады; іргелі еңбектерде қазақ мәдениетіндегі реңилерде қатысты тұжырымдар мен жіктелімдер ізденуші тарапынан толықтырылған және жаңартылған; қазақ лингвистикалық аудармалануындағы бірқатар мәселелерге шолу жасалған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары, ізденуші ғылыми стиль ерекшеліктерін толық сақтаған, талдау өз тарапынан қорытындылаумен жалғасқан.

Докторант Манапбаева Жаннура Жарқанбековнаның «6D020700-Аударма ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деген ұсыныс білдіремін.

Ресми рецензент:

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тың білімі институтының бас ғылыми қызматкері,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Аймангүл Алдаш

